



Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Бестерек ауылынан солтүстік-батысқа қарай 0,145 км орналасқан (есеп кварталы 05-079-001) жер учаскесі тұстамасындағы Ұранқай өзенінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 12 желтоқсандағы № 444 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 23 желтоқсанда № 6430 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануын мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мыналар:

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Бестерек ауылынан солтүстік-батысқа қарай 0,145 км орналасқан (есеп кварталы 05-079-001) жер учаскесі тұстамасындағы Ұранқай өзенінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Бестерек ауылынан солтүстік-батысқа қарай 0,145 км орналасқан (есеп кварталы 05-079-001) жер учаскесі тұстамасындағы Ұранқай өзенінің су қорғау аймағы аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеуі аумағында шектеулі шаруашылық қызметі режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Ұлан ауданы әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына

мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырсын.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроөнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шығыс Қазақстан облысының әкімі*

*Д. Ахметов*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Қазақстан Республикасы*

*Экология, геология және*

*табиғи ресурстар министрлігі*

*Су ресурстары комитетінің*

*Су ресурстарын пайдалануды реттеу*

*және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік*

*инспекциясының басшысы*

*Қ. Баймағамбетов*

2019 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Шығыс Қазақстан

облысы әкімдігінің

2019 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 444 қаулысына қосымша

**Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Бестерек ауылынан солтүстік-батысқа қарай 0,145 км орналасқан (есеп кварталы 05-079-001) жер учаскесі тұстамасындағы Ұранқай өзенінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 02.11.2020 № 392 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Су объектісі, оның учаскесі	Су қорғау аймағы			Су қорғау белдеуі		
	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м
1	2	3	4	5	6	7
Бестерек ауылынан солтүстік-батысқа қарай 0,145 км орналасқан (есеп кварталы	0,125	2,1701	155-197	0,155	0,5335	35

05-079-001) жер учаскесінің тұстамасы шегіндегі Ұранқай өзені (сол жақ жағалау)						
---	--	--	--	--	--	--

Ескертпе:

Су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.